

**Ертіс ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы "Ертіс ауданы әкімдігі атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 60/3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Павлодар облысы Ертіс ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 4 тамыздағы № 221/4 қаулысы  
Ертіс ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ертіс ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы "Ертіс ауданы әкімдігі атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 60/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Ертіс ауданы әкімдігінің жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіндегі:

5 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) Ертіс ауданы әкімінің аппараты персоналды басқару бойынша бөлімі (бұдан әрі – персоналды басқару бойынша бөлімі) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.";

41 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару бойынша бөлімімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40 - тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42 - тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ертіс ауданы әкімі аппаратының басшысы Р.Қ.Ареновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК